

ЭССЕ

Дипломмен бірге мен қандай қасиеттерді алғым келеді

Мен Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университетінің 2 курс студентімін. Мамандығым – сазды-педагогикалық факультетіндегі «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу».

Мен бұл мамандықта төрт жыл бойы оқимын. Бұл өз жүрегімнің қалауымен таңдаған мамандығым. Сонымен қатар мамандығыма сай қасиеттерді бойыма сіңіріп, балдәурен шақтағы балалар қалай тіл табысу, бабын табу, көңілін көтеру керектігін үйренгім келеді. Өйткені ол бүлдіршіндер Қазақстанның келешегі, еліміздің ертеңі. Тәрбиені тал бесіктен бастап, тым алыстан қарату керек деген.

Дипломды мейлі көкке, мейлі қызылға бітірейін мен үшін бұл маңызды емес, тек бойыма өз мамандығымның бар қасиетін, мәдениетін сіңіріп, жұмысыма тәжірибе жинап барғым келеді.

Білікті маман болу – көргендерге ойыншық емес, ол құдіретті де, қасиетті де, құнды зат. Әр адам өз шамасына қарап мамандығын таңдамай ма? Оқуды бітіріп болған соң еңбек сіңірмей, елге қызмет етпей, ешкімге көмек көрсетпей, білгенін үйрете алмаса, шаң басып жатқан дипломыңнан не пайда? Сол себепті әр адам мамандықты жүрек қалауымен таңдағаны дұрыс.

Балабақшаға барған кезімде бүлдіршіндерді көріп, көңілім марқайып, бой жазып қалатындаймын. Бұнда кездейсоқ адамдар болмайды, себебі жай жүрген адам бұл мамандықты алып жүре алмайды.

«Тәрбиеші деп мамандықты оқып, қолына диплом алған адам емес, тәрбиеші деген ол осы ұлағатты есіммен бірге жасайтын ұлы тұлға. Мамандыққа деген сенімділік сирек кездеседі, ол тек соған құрбан еткенде ғана дәлелденеді.»